

«Бекітемін»:
МКҚК «Айгөлек»
бөбекжай-балабақшаның
менгерушісі: М.С.Кужакова.



«Тексерілді»
МКҚК «Айгөлек»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері:
Б.К.Иралимова

**«Айгөлек» бөбекжай-балабақшасының
«Балапан» ересек тобының
2021-2022 оқу жылындағы оқу жылының
жылдық жоспары.**

**Тәрбиешілер: Жусупова С.А.
Тажимуратова П.А.**

Бекітемін
МКҚК «Айгөлек»
бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі : М.С.Кужакова

Джунт

**«Балапан» ересектер тобының
2021-2022 оқу жылындағы
Күн тәртібі**

Күн тәртібінің элементтері.	Уақыты (сағ/мин)
«Сәлеметсіздер ме, балалар!» Балаларды қабылдау, тексеру, ойындар.	8:30-8:45
«Ертеңгілік жаттығулар»	8:45-8:53
Гигиеналық шаралар	8:53-9:00
Таңғы ас.	9:00-9:20
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындық.	9:20-9:30
«Ойнайық та, ойланайық» Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті.	
1-Ұйымдастырылған оқу қызметі	9:30-9:55
2-Ұйымдастырылған оқу қызметі	10:05-10:25
3-Ұйымдастырылған оқу қызметі	10:35-10:55
«Табиғат аясында» Серуенге дайындық. Серуен. Табиғатпен таныстыру, ойындар, еңбек.	11:15-12:20
Серуеннен оралу, гигиеналық шаралар	12:20-12:30
«Ас – адамның арқауы» Түскі асқа дайындық, түскі ас.	12:30-12:45
«Тәтті ұйқы» Ұйқыға дайындық.	12:45-13:00
Ұйқы.	13:00-15:15
«Ұйқымызды ашайық» Ұйқыдан ояну. Шынықтыру шаралары.	15:15-15:45
Бесін асқа дайындық.	15:45-16:00
«Астарыңыз дәмді болсын!»	16:00-16:30
Бесін ас.	
«Алақай ойын!» Сюжеттік – ролдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар.	16:30-17:00
Серуенге дайындық, серуенге шығу, қимылды ойындар.	17:00-18:00
«Ертеңге дейін...» Балалар, ата-аналармен қарым-қатынас Балалардың үйге қайтуы.	18:00

Бекітемін:

МКҚК «Айгөлек»

бөбекжай балабақшасының

менгерушісі: М.С. Кужакова

**«Балапан» ересектер тобының 2021-2022 оқу жылының
ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі.**

Дүйсенбі.

Білім беру саласы	Ұйымдастырылған оқу қызметі
Қатынас	Сөйлеуді дамыту 1
Шығармашылық	Мүсіндеу 0,5 Жапсыру 0,5
Шығармашылық	Музыка 1

Сейсенбі.

Білім саласы	Ұйымдастырылған оқу қызметі
Қатынас	Көркем әдебиет 1
Шығармашылық	Сурет салу 1
Денсаулық	Дене шынықтыру 1

Сәрсенбі.

Білім саласы	Ұйымдастырылған оқу қызметі
Таным	Математика негіздері 1
Әлеумет Таным	Қоршаған ортамен танысу 0,5 Құрастыру 0,5
Таным	Білгірлер әлемінде (в/к) 1

Бейсенбі

Білім саласы	Ұйымдастырылған оқу қызметі
Таным	Жаратылыстану 1
Шығармашылық	Бояулар сыры (в/к) 1
Денсаулық	Дене шынықтыру 1

Жұма

Білім саласы	Ұйымдастырылған оқу қызметі
Шығармашылық	Музыка 0,5(2-апта,4-апта)
Қатынас	Орыс тілі 0,5(1-апта,3-апта)
Денсаулық	Дене шынықтыру 1
Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 20-25 минут	
Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 12	
Вариативтік компонент 2	
Барлығы 14	

2021 жыл, Қыркүйек айы
Өтпелі тақырып «Балабақшада»

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;
2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
4. Сезімдік қасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;
5. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

Тақырыпша	Денсаулық-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	Таным-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1 Білгірлер әлемінде (вариатив компонент –1)	Шығармашылық-3,5 Музыка-1,5 Сурет-1 Мүсіндеу-0,5 Аппликация-0,5 Бояулар сыры (вариатив компонент-1)	Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен таныстыру-0,5
I апта «Менін балабақшам»	Дене шынықтыру-3 Мақсаты: 50см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіре алады. 2. 4-5 сызық арқылы ор- нынан ұзындыққа секіре алады (сызықтардың арақашықтығы 40-50см). 3.Бөрене үстімен тепе- теңдікті сақтап алады.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Менін балабақшам. Мақсаты: Балабақша туралы түсініктерді біледі.Сурет бойынша әңгімелеп бере алады. Көркем әдебиет Тақырыбы: «біздің балабақшада»өлені. Н. Әлімқұлов. Мақсаты: Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерді біледі.Өленді эмоционалды қабылдайды, түсініп, есте сақтау арқылы өз ойын айта алады.	Математика негіздері Тақырыбы: Топтағы заттар .«Көп», «Біреу» ұғымдары Мақсаты: «Көп», «Біреу» ұғымдарын біледі. , топтағы заттардан бір немесе көп заттарды тауып көрсетеді, топтағы біртекті заттардан топтар құрастыруға одан біреуін бөліп көрсетуге үйренеді.	Музыка-1 Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы:«Балабақша- дағы әр түрлі доптар» Мақсаты: Түрлі тәсілдерді қолдана отырып, таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеуді үйренеді..	Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Топ бөлмесіне саяхат» Мақсаты: Балалар назарын топтың ішіне аударады.. Топтың іші таза, ойыншықтардың, жиһаздың, өсімдіктердің, қоршаған орта заттарының орналасуына көңіл бөліп қарайды.

II апта «Менің достарым»	Дене шынықтыру-3 1. Мақсаты: Мақсаты: 50см жоғары көтеріл-ген арқаннан астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіре алады. 2. 4-5 сызық арқылы ор- нынан ұзындыққа секіре алады (сызықтардың арақашықтығы 40-50см). 3.Бөрене үстімен тепе- теңдікті сақтап алады 2. Мақсаты: Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүре алады. 3. Мақсаты: Мақсаты: Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүре алады.		Жаратылыстану Тақырыбы: Балабақша ауласына саяхат Мақсаты: Балабақша ауласына бақылау жасайды, өсіп тұрған өсімдіктердің аттарын атап, қамқорлық жасауға үйренеді	
	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Үйшік ертегісі Мақсаты: Ертегі желісінен түсінгенін өз ойымен айтып бере алады. Көркем әдебиет Тақырыбы:Менің достарым Мақсаты: Достық туралы өз ойын ата алады. Достар арасында сыйластық достық, сүйіспеншілік қарым- қатынастарын түсінеді.		Математика негіздері Тақырыбы: Заттар тобын салыстыру. Оң жақ – сол жақ Мақсаты: Үлгі бойынша санау, екі топтағы заттар арасындағы теңдікті анықтай алады.	Музыка-1,5 Педагог жоспары бойынша Сурет салу Тақырыбы:Досымның үйі (заттық сурет салу) Мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе біледі. Үлгі бойынша пішінін ескере отырып сурет сала алады.
	Орыс тілі Педагог жоспары бойынша		Құрастыру Тақырыбы: Досымның үйі Мақсаты: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, үйді пластина- ларды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастырырып құрастыруды біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: Менің жасыл достарым Мақсаты: Белме өсімдіктері туралы түсіне отырып, оларды күтіп – баптауды біледі.	Жапсыру Тақырыбы: «Досымның үйі» Мақсаты: Үй құрлысы туралы түсінеді. Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана отырып, берілген тапсырманы орындай алады.

III апта

«Менің сүйікті ойыншық тарым»

Дене шынықтыру-3

1. Мақсаты:

Тепе-теңдікті сақтау және қол – аяқ бұлшық еттерін нығайту, жаңа қимыл түрлерін жасау арқылы иық, қол – аяқ бұлшық еттерін дамиды. Жаттығу жасау кезінде, денені дұрыс ұстап, көзбен бағдарлай біледі.

2. Мақсаты

Тепе-теңдікті сақтау және қол – аяқ бұлшық еттерін нығайту, жаңа қимыл түрлерін жасау арқылы иық, қол – аяқ бұлшық еттерін дамиды. Жаттығу жасау кезінде, денені дұрыс ұстап, көзбен бағдарлай біледі.

3. Мақсаты:

Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білуді, жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасай біледі.

Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы:

Баяндама

Мақсаты: Ойыншықтардың атауларын дұрыс атай алады. Ойыншықты күтіп ұстауды біледі.

Көркем әдебиет

Тақырыбы:

«Ойыншықтар» өлеңі.

Н. Әлімқұлов.

Мақсаты:

Эмоционалды қабылдай біледі, түсініп, есте сақтау арқылы өз ойын айта алады.

Математика негіздері

Тақырыбы:

Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршы

Мақсаты:

Заттар саны мен цифр арасындағы байланысты қою; «үлкен, кіші, кішкентай» өлшемдері, әртүрлі өлшемдегі шаршы туралы ұғымдарды біледі..

Жаратылыстану

Тақырыбы:

Топтағы ойыншықтар

Мақсаты:

Ойыншықтар туралы мағлұмат ала отырып, ойыншықтардың неден, қандай заттардан жасалатыны туралы түсінеді.

Музыка-1

Педагог жоспары бойынша

Суретсалу

Тақырыбы:

Менің сүйікті ойыншығым (заттық сурет салу)
Мақсаты: Домалақ пішінен доптың суретін салып, ирек сызықпен әшекейлеуді біледі, суретті бояу әдіс –тәсілдерін меңгереді.

Мүсіндеу

Тақырыбы:

Қоян-менің сүйікті ойыншығым
Мақсаты: Ермексазды домалату, шымышу, жал-пайту тәсілдерін қолдана отырып, қоянды мүсіндей алады.

Қоршаған

ортамен танысу

Тақырыбы:

Ойыншықтар

Мақсаты:

Балалар мінез құлықта қарапайым әдеп ережелерін үйренеді. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, қарай білуді түсінеді.

IV апта «Жиһаздар»	Дене шынықтыру-3 1. Мақсаты: Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білуді, жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасай біледі. 2. Мақсаты: Түрлі бағытта жүру, алға жылжи отырып секіру және допты оң және сол қолымен алысқа лақтыру дағдыларын біледі. 3. Мақсаты: Түрлі бағытта жүру, алға жылжи отырып секіру және допты оң және сол қолымен алысқа лақтыру дағдыларын біледі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Үй жиһаздары. (байланыстырып сөйлеу) Мақсаты: Тұрмыстық заттардың қолданылу маңыздылығын түсінеді. Көркем әдебиет Тақырыбы: Ойдан шыққан әңгіме. Мақсаты: Балалар қиял арқылы әңгіме құрауға, өз ойларын жеткізе білуге үйренеді. Орыс тілі Педагог жоспары бойынша	Математика негіздері Тақырыбы: Сандарды салыстыру. Тәулік бөлігі. Мақсаты: Тәулік бөліктері, заттардың орналасуы (сол жақта, ортасында, оң жақта) туралы түсінеді. Балалар тәулік бөліктері туралы біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: Үй жиһаздар Мақсаты: Үй ішіне қажетті жиһаздар туралы түсінеді.. Балалар жиһаздар қалай, қандай материалдан жасалатынын және олардың қажеттілігі туралы айта алады. Құрастыру Тақырыбы: Жиһаз Мақсаты: Балалар құрылыс материалдары нан жиһаз құрастыруды біледі.	Музыка-1,5 Педагог жоспары бойынша Сурет салу Тақырыбы: Үй жиһаздары (Сандық) (Сәндік сурет салу) Мақсаты: Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер шығармалармен таныса отырып, сандықты қазақ оюларының кейбір элементтерімен әшекейлей алады. Жапсыру Тақырыбы: Сандықты әшекейлеу Мақсаты: Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді құрастыруды, заттың жеке бөліктерін жапсыра біледі..
----------------------------------	--	--	--	---

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Мақсаты: инновациялық технологиялар негізінде балалардың отбасы туралы білім, білік, дағдыларын дамыту. Отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас пен оларға деген сүйіспеншілік сезімдерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Денаулықсақтау технологияларын қолдана отырып салауатты өмір салтын ұстану, дене шынықтыру жаттығуларын орындау қызығушылықтарын арттыру;
2. Отбасы, отбасындағы тұрмыс және халықтық дәстүрлер туралы түсініктерін кеңейте отырып, сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
3. Танымдық-конструктивтік ойлау дағдыларын жан-жақты қалыптастыру;
4. Қоршаған ортадағы әсемдікті сезіне отырып, өз ойларын айта білуге, қиялдарын дамытуға ықпал жасау;
5. Отбасындағы салт-дәстүрлерді құрметтей отырып, рухани адамгершілік құндылықтарға баулу.

1 анта «Менің отбасым, аға-аналар еңбегі»	Дене шынықтыру-3 1. Мақсаты: Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап жүру және жүгіруге үйренеді. Заттар арасында еңбектеп жүруге, гимнастикалық қабырғаға өрмелеуді және белгілі бағыт бойынша жүгіру, секіруді түсінеді. 2. Мақсаты: шашырап жұптасып жүру мен жүгіруге жаттығады. . Көлбеу қойылған баспалдыққа міну арқылы білте таяқшаны дұрыс ұстауды, кесек ағаштан аттап жүруді біледі. 3. Мақсаты: Қапшықта нысанаға лақтыруды, көзбен мөлшерлей білуді, үйренеді. Гимнастикалық баспалдақпен өрмелеуді біледі.	Математика негіздері Тақырыбы: 1 саны мен цифры. Мақсаты: Балалар 1 саны және цифрын біледі. «Үлкен кіші» шамаларын, «көп бір» ұғымдарын дұрыс атау және ажырата алады. Жаратылыстану Тақырыбы :Бақшадағы көкөністер Мақсаты : Көкөністерді таниды және олардың атауын , пайдасын айта алады.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Менің отбасым (сурет бойынша әңгіме) Мақсаты: Отбасы, отбасындағы қарым-қатынас туралы айтып бере алады. Көркем әдебиет Тақырыбы: Отбасы Мақсаты: Отбасы тақырыбына байланысты тақпақ айта алады.. Оның мазмұнын ашу, жаттаған өлеңді мәнерлеп айтуды біледі.	Музыка-1 Педагог жоспары бойынша Сурет салу Тақырыбы: Тостағанды әшекейлеу (заттық сурет салу) Мақсаты: Сопакша пішінен тостағанның суретін салып, ирек сызықпен әшекейлеуді және таныс элементтерді (нүкте, дөңгелек, жолақшаларды) салуды біледі. Мүсіндеу Тақырыбы: Бақшадағы өнімді жинау(сәбізді жинау) Мақсаты: домалақтау, сопақшалау, шымшу тәсілдері арқылы сәбіз мүсінін жасауды үйренеді.	Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы:Менің мейірімді отбасым. Мақсаты:Отбасындағы өзара сыйластық қарым - қатынас дағдыларын түсінеді. Отбасындағы үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуды біледі.
--	---	--	---	---	---

II апта «Менің көшем»	Дене шынықтыру-3 1.Мақсаты: Жүгіру барысында тоқтап, бағытты өзгертіп ары қарай жүгіруде тепе – теңдікті сақтауды біледі. 2.Мақсаты: Бір қатармен, шашырап, әр түрлі қарқынмен жүгіруді, бір орында тұрып, алға қарай секіру дағдыларын меңгереді 3.Мақсаты: Допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып қос қолмен қағып алуды, еденге қос қолмен кезектестіріп ұру дағдыларын біледі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Біз тұратын көше Мақсаты: Байланыстырып сөйлеу дағдыларын үйрене отырып, анық сөйлеу қабілеттері дамиды. Көше қауіпсіздігін сақтауды біледі. Көркем әдебиет Тақырыбы: Менің сүйікті ауылым. Мақсаты: Балалар ауыл туралы түсіне отырып, елін, жерін, туған қаласын сүю, қамқор болу туралы түсінеді. Орыс тілі Педагог жоспары бойынша	Математика негіздері Тақырыбы: 1 цифр. Жылдам – баяу. Үшбұрыш. Мақсаты: 1 цифр туралы біледі. «жылдам, баяу» ұғымдарын, әртүрлі өлшемдегі үшбұрыштар туралы түсінеді. Көру арқылы есте сақтау дағдыларын қалыптасады. Құрастыру Тақырыбы: Біздің көше Мақсаты: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңнен орналастыруды үйренеді. Жаратылыстану Тақырыбы: Көшеде өзін ұстау. Мақсаты: Көшеде өзін дұрыс ұстау ережелері туралы біледі. Қауіпсіздік ережелерін сақтай білуді түсінеді.	Музыка-1 Педагог жоспары бойынша Сурет салу Тақырыбы: Менің көшем (Сюжетті сурет салу) Мақсаты: Сюжеттік сурет салуды (ағаштар мен бұталарды) үйренеді. Тақырып бойынша суретті бояу жолдарын біледі. Жапсыру. Тақырыбы: Менің көшем Мақсаты: Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын ескереді.	Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Жолда жүру ережесін сақтайық» Мақсаты: Көлік түрлері, жол туралы түсінеді. Бағдарлам
III апта «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	Дене шынықтыру-3 1. Мақсаты. Тепе-теңдікті сақтау. шеңбер бойымен жүруді және жай жүгіруге, ұзындыққа қос аяқтап секіруді және алға қарай жылжып секіруді біледі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Әйгерім дастарханды әзірлеп жатыр Мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастыра алады. Заттарды және олардың тұрған орнын анықтауды біледі.	Математика негіздері Тақырыбы. 2 саны мен цифр. Қысқа – ұзын. Мақсаты : 2 цифрмен таныса отырып; «ұзын, қысқа, тар, кең» және «дөңгелек» туралы ұғымдарын түсінеді.	Музыка-1.5 Педагог жоспары бойынша Сурет салу Тақырыбы: «Бағдарлам» (Заттық сурет салу) Мақсаты: Дөңгелек пішінді заттарды сала отырып, дәстүрлі сурет салудың техникасын	Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Жолда жүру ережесін сақтайық» Мақсаты: Көлік түрлері, жол туралы түсінеді. Бағдарлам

	1. Мақсаты: Сызылған сызық бойымен аралықты сақтай отырып жүруге, бір-біріне кедергі жасамай жүруді біледі. 3.Мақсаты : Сызылған сызық бойымен аралықты сақтай отырып жүруге, бір-біріне кедергі жасамай жүруді түсінеді.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бағдаршам» өлеңі. С.Дүкенбай. Мақсаты: Өлеңді түсініп, есте сақтауға жүйелілігін сақтауға үйренеді.	Жаратылыстану Тақырыбы:«Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері» Мақсаты:Табиғат аясындағы тәртіп ережелері туралы түсінеді.	менгереді. Мүсіндеу Тақырыбы: «Бағдаршам» Мақсаты: Пропорцияларын сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, бағдаршамды мүсіндеуді біледі.	белгілері, жолда жүру ережелері туралы біледі.
IVапта «Алтын күз»	Дене шынықтыру-3 1. Мақсаты: Бір орыннан ұзындыққа секіруге үйренеді. 2.Мақсаты: Қырымен жіптің үстімен аттап секіруді, жылдам-дылық және ептіліктері дамиды. 3.Мақсаты: Допты бір біріне домалата отырып, белгіге қарай жылдам жауап беру дағдасы қалыптасады. Допты екі қолмен асыра лақтыру арқылы қимыл - қозғалыс үйлесімі дамиды.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жыл мезгілі. Күзгі табиғат» (сурет бойынша әңгімелеу). Мақсаты: сурет мазмұнына сәйкес әңгімелеуді үйренеді. Байланыстырып сөйлеу дағдылары дамиды. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Күзде» өлеңі. І. Байжұманова. Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсіне отырып, өз түсінігін жүйелі айтып бере алады. Орыс тілі Педагог жоспары бойынша	Математика негіздері Тақырыбы : 2 саны мен цифры. Жақын – алыс. Мақсаты : 2 цифр туралы біледі. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйренеді. ; «алыс», «жақын» ұғымдарын айыра отырып, логикалық ойлай алады. Жаратылыстану Тақырыбы:Алтын күз Мақсаты:Балалардың санасында күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістер туралы түсінік қалыптасады. Құрастыру Тақырыбы:«Саңырау құлақ» (табиғи материал дармен жұмыс)	Музыка-1 Педагог жоспары бойынша Сурет салу Тақырыбы:«Күзгі жапырақтар» (Дәстүрден тыс сурет салу) Мақсаты:Күзгі жапырақтар туралы түсінеді. Бастыру әдісі арқылы жапырақ сала алады. Жапсыру. Тақырыбы:Күзгі жапырақтар» (Сюжетті аппликация) Мақсаты: Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын сақтауды біледі.	

			Мақсаты: Саңырауқұлақ жайлы түсінеді. Саңырауқұлақты табиғи материалдардан жасайды және пішіндерді дұрыс қолдана біледі.			
--	--	--	--	--	--	--

Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»

Мақсаты: Денсаулық сақтау технологиялары негізінде балалардың спортпен шұғылдануға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде олардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту.

Шығармашылықтары мен ойлау, қиялдау сезімдерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Спорттық ойындар мен жаттығу қимылдарын үйрету барысында балалардың белсенді қатысуы мен ынталануын қадағалау;
2. Құрдастары және ересектермен қарым-қатынас жасауда сөздік қорларын және сөйлеу мәдениетін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, ой-өрістерін кеңейту;
4. Балаларды құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

І апта "Өзім туралы"	Дене шынықтыру-3 Мақсаты: Жазықтық бойымен жүру, алға жылжи отырып секіре алады. Өртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыруды біледі	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Мен қандаймын? Мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастыра алады, қойылған сұрақтарға жауап бере алады. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Өдепті баламыз» Ғ. Өкеев Мақсаты: Өлеңнің мазмұнын түсінеді. Өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып әр шумағын қайталай алады.	Математика негіздері Тақырыбы: 3 саны мен цифры. 3 цифрын заттың санымен сәйкестендіру. Мақсаты: 3 цифрын біледі; заттар санын цифрмен сәйкестендіре алады. Өзге цифрлардың арасынан 3 санын табуды біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: Мен және табиғат Мақсаты: Табиғатқа қамқорлық жасауды түсінеді. Өлі және тірі табиғат туралы айта алады.	Музыка-1 Педагог жоспары бойынша Сурет салу Тақырыбы: Мақта қыздың мысығы Мақсаты: Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, жануарларды бейнелей алады. Мүсіндеу Тақырыбы: Адам бейнесі. Мақсаты: Адам пішінін дене бөліктерін: бас, кеуде, қолдары, аяқтарын мүсіндей алады	Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Дені саудың-жаны сауі Мақсаты: Балалар денсаулық сақтауды, аурулардың алдын ала білуді түсінеді. Зиянды әдеттердің аулақ болуды біледі.
	Мақсаты: Тепе-теңдік қалпын сақтай отырып шектелген жазықтық бойымен жүруді біледі. Өртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыра алады. Мақсаты: Ойлы-қырлы тақтаймен жүру және жүгіруді				

	үйренеді. Долты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуды (1,5 м қашықтықта) біледі.					
II апта «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»	Дене шынықтыру-3 1.Мақсаты Долты бір-біріне домалату және ені 5-7см лента бойымен тепе теңдікті сақтап жүруге үйренеді 2.Мақсаты: Шапшаң және баяу қарқынмен жүру және жүгіруді біледі. Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүруді түсінеді. 3.Мақсаты: Текшелер, арасымен жүруге, долты алға қарай лақтыруды үйренеді. Ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсінеді Жалпы дамыту жаттығуларын орындауды біледі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: : «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер» Мақсаты: дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы жайлы біледі. Көркем әдебиет Тақырыбы: Көкөністер айтысы ертегі Мақсаты: Ертегі желісін әңгімелеу дағдысы дамиды. Көкөністердің адам денсаулығына тигізер пайдасы туралы түсінеді. Орыс тілі Педагог жоспары бойынша	Математика негіздері Тақырыбы: 1, 2, 3 цифрлары. Биік – аласа. Мақсаты: 3 саны мен цифры туралы біледі. Заттарды биіктігіне қарай салыстырып,оларды сол белгілері бойынша бірік тіруді түсінеді. Құрастыру Тақырыбы: Жеміс-жидекке арналған себет (қағаздан құрастыру) Мақсаты: Дайын қиылған жолақшалардан өру тәсілімен себетті құрастыра алады. Жаратылыстану. Тақырыбы: Дәрумендер Мақсаты: Балалар дәрумендердің пайдасы және маңызы жайлы түсінеді. Өз ағзасын күте білуді үйренеді.	Музыка-1,5 Педагог жоспары бойынша Сурет салу Тақырыбы: Дәмді алмалар Мақсаты: Дөңгелек пішіндерді түрлі көлемде салуды біледі. Алма ның пайдасы туралы түсінеді. Жапсыру Тақырыбы: Жеміс-жидекке арналған себет Мақсаты: Себеттің қасиеті туралы түсінеді. Қайшыны дұрыс ұстап пайдалана біледі.	Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Адам еңбегінің нәтижесі Мақсаты: Ересектердің еңбегін ойын- әрекеттерін	
III апта "Өзіңе және өзгелерге көмектес"	Дене шынықтыру-3 1.Мақсаты: Долты екі қолмен алға қарай лақтыру және жерде жатқан жіптен секіріп өтуді і үйренеді. Жалпы дамыту жаттығуларын	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Өзіңе және өзгелерге көмектес» Мақсаты: Балалар абасқаларға да көмектесу игі іс екенін түсінеді. Мейрімділік тақырыбынды ойды дұрыс жеткізе алады.	Математика негіздері Тақырыбы: 4 цифрларын салыстыру. Кең – тар. Мақсаты: Заттар санын цифрмен сәйкестендіре алады. Кең, тар салыстыру ды біледі. топшен жұмыс істей алады.	Музыка-1 Педагог жоспары бойынша Сурет салу Тақырыбы: «Әжемнің сырмағын әшекелеймін» (акварель бояуымен) Сәндік Мақсаты: Балалар	Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Адам еңбегінің нәтижесі Мақсаты: Ересектердің еңбегін ойын- әрекеттерін	

IV апта «Біз күштіміз, ептіміз»	орындауды біледі. 2.Мақсаты: Арақашықтықты сақтап, кедергілер арасынан музыкаға сәйкес заттардан аттап жүруді, жүгіруді біледі. Кедергілер үстінен аяқпен секіруді үйренеді. 3.Мақсаты: Арқанның үстінен табанның ортасымен тура және қырыннан жүруді үйренеді. Тепе-теңдік сақтап, гимнастикалық орындық үстімен допты оң жағынан жерге соғып өтуді біледі.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қамқорлық» әңгіме М.Төрежанов Мақсаты: Балалар әңгіменің мазмұнын түсінеді. Қиындық болған жағдайда көмектесу адамгершілік белгісі екенін біледі.	Жаратылыстану Тақырыбы: Қанатты достар Мақсаты: Құстар (торғай және сауысқан) және оларды бір – бірінен қалай ажырату керектігін түсінеді. Құстарға ғана тән ерекшеліктерді біледі..	сәндік-қолданбалы өнер мен қазақтың ұлттық бұйымдары туралы біледі. Сурет салуда ұлттық ою-өрнек элементтерін қолдана алады. Мүсіндеу Тақырыбы: Құс Мақсаты: Тұтас бөліктен шымшу тәсілі арқылы құстың бейнесін мүсіндеуді біледі.	де көре отырып, тіршілікте қолданылатын барлық өнімнің адам еңбегінің нәтижесінде келгендігі туралы түсінеді.
IV апта «Біз күштіміз, ептіміз»	Дене шынықтыру-3 1.Мақсаты: Жінішке арқан бойымен қолды белге қойып түзу жүруді және гимнастикалық тактайша үстінен жүріп өтуді үйренеді. 2.Мақсаты. Сапта бір-берлеп, заттар арасымен жүруге, жүгіруге үйренеді. Жалпы дамыту	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Кім күшті? ертегісі Мақсаты: Балалар сұраққа толық жауап береді. шығармадағы негізгі ойды таба білуге үйренеді. Көркем әдебиет Тақырыбы: Туган жер. (өлең жаттау) Мақсаты: Өлеңнің мағынасын түсінеді. Мәнерлеп айта алады.	Математика негіздері Тақырыбы: Заттар тобын теңестіру Мақсаты: Өртүрлі қашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтауды үйренеді. Жаратылыстану. Тақырыбы: Күзгі жапырақтың түсуі Мақсаты: Күз мезгіліне тән белгілермен таныса отырып, күзгі маусымда табиғат және табиғат	Музыка-1,5 Педагог жоспары бойынша Сурет салу Тақырыбы: Құмырсқа Мақсаты: Дөңгелек, сопақша пішіндер арқылы заттардың суретін салуды біледі. Жапсыру Тақырыбы: «Чемпион бала» Мақсаты: жеңіс	

	жатынуларын орындауды біледі. 3.Мақсаты. Үлкен резеңке допқа отырып, қашықтыққа алға секіре алады. 2.3м арақашықтықтан тігінен қойылған нысанаға оң және сол қолмен доп лақтыра біледі..	Орыс тілі Педагог жоспары бойынша	құбыллыстарын бақылай білуді түсінеді. Құрастыру. Тақырыбы: Кірпі. Мақсаты: Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен бейнелер жасауды үйренеді.	жалауын ұстаған баланың қимылын анық көрсетіп, бейнесін мүсіндей алады. Шығармашылық, қол саусақ икемділігі дамиды.	
--	--	--	--	---	--

Желтоқсан айы, 2021жыл

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»

Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын дамыту.

Міндеттері:

1. Дене қасиеттерін қалыптастыру, ептілік қозғалыстарын үйлестіру және салауатты өмір салтын ұстануға баулу;
2. Ұлттық дәстүрлерге негізделген құндылықтар арқылы шығармашылықпен сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын молайту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға, оны құрметтеуге үйрету;
4. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу.

I апта	Дене шынықтыру-3 Мақсаты: 1. Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеуді, еңкіс тактай үстімен жүре алады. 2. Мақсаты: Шеңбер бойында колдарын әртүрлі қалыптармен қимылдар жасап жүреді. Орындық астымен еңбектеп өту. 0,5-1,5метр арақашықтықта отырған қалыпта доптарды бір-біріне домалату қимылдарын біледі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің отаным Мақсаты: Отан туралы әңгіме құрастыра алады. Балалар негізгі ойды дұрыс жеткізе отырып, мәтінді байланыстырып айтуды, мәтін мазмұнын дұрыс, рет-ретімен айтуды біледі. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Елтаңбасы елімнің» өлеңі Сұлтан Қалиев Мақсаты: Өлеңді мазмұнын түсінеді. Балалар еліміздің рәміздерін қастерлеуді, туған жерін, отанын сүйе білуді түсінеді..	Математика негіздері Тақырыбы: 4 саны мен цифры. Үлкен – кіші ұғымдары Мақсаты: 4 цифрын біледі. «үлкен», «кіші», «кішкентай» сөздерін пайдалана отырып, заттарды көлеміне қарай сәйкестендіре алады. Жаратылыстану Тақырыбы: Аңдар қысқа қалай дайындалады? Мақсаты: Балалардың жабайы жануарлар, олардың қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделу қабілеті туралы түсінеді. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер жүнінің түсін ауыстыру, қысқы ұйқыға кетуі, қысқа	Музыка-1 Педагог жоспары бойынша Сурет салу Тақырыбы: «Сәукеле» (акварель бояуымен) Мақсаты: Қазақтың ұлттық киімдер туралы түсінеді, сурет салу іс-әрекеті арқылы баскиімдерді әшекейлей алады.	Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Менің-Қазақстаным. Мақсаты: Өз елінің тарихына қызығушылық таныта отырып, өз ойын айта алады.
«Тарихқа саяхат»				Мүсіндеу Тақырыбы: «Байтерек монументі» Мақсаты: Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, Байтеректің мүсінін жасай алады.	

	Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелендеп жүтіруді, гимнастикалық орындық үстімен, қолды белге қойып жүре алады.		кор жинауы т.б.		
II апта «Тәуелсіз Қазақстан»	Дене шынықтыру-3 1. Мақсаты: Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүтіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білуді, жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасай біледі. 2. Мақсаты: Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүтіру, гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп, бір орнында баяу айналу дағдыларын біледі. 3. Мақсаты: Кегилер арасымен допты көтеріп жүру, бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіруді біледі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан» Мақсаты: Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуді, сыйлауды түсінеді. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңі Оразақын Асқар Мақсаты: «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мағыналарын түсінеді. Өлең арқылы туған елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін айта алады. Орыс тілі Педагог жоспары бойынша	Математика негіздері Тақырыбы: 4 саны мен цифры. Логикалық есептер. Мақсаты: 4 саны мен цифры туралы өткенді еске түсіре отырып; логикалық тапсырмаларды көрген мәліметтерге сүйене шеше алады. Құрастыру Тақырыбы: Достық үйі Мақсаты: Бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы түсінеді. Жаратылыстану Тақырыбы: Үй құстары Мақсаты: Балалар үй құстары туралы біледі. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасы дамиды.	Музыка-1,5 Педагог жоспары бойынша Сурет салу Тақырыбы: «Бәйтерек монументі» Мақсаты: Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, бәйтеректің суретін сала алады. Жапсыру Тақырыбы: Бәйтерек монументі Мақсаты: Текшеден дөңгелек пішін киноға үйрене отырып, бөліктерді желімдеуді біледі.	

III апта «Астана-Отанымыздың жүрегі»	Дене шынықтыру-3 1. Мақсаты:Теле-теңдікті сақтау және қол – аяқ бұлшық еттерін нығайту, жаңа қимыл түрлерін жасау арқылы иық, қол –аяқ бұлшық еттерін дамиды. Жаттығу жасау кезінде, денені дұрыс ұстап, көзбен бағдарлай біледі. 2. Мақсаты: Еденде жатқан заттан секіруді, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіруді жалаушаға дейін еңбектеу дағдыларын меңгереді. 3.Мақсаты. Сапта тізбектеліп жүруді, жылаңша ирелендеп жүруді және белгі бойынша қарқындап өзгертіп жүруді біледі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Астана- арман қала (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Балалар суретке өз ойын айта біледі. (Мнемотехника тәсілімен) Көркем әдебиет Тақырыбы: Менің сүйікті қалам, Ел ордасы - Астанам Мақсаты: Балалар қала, ауыл және Астана туралы түсініктерді біледі. Сурет бойынша тиянақтап, ой-өрісін жеткізе алады. Орыс тілі Педагог жоспары бойынша	Математика негіздері Тақырыбы:Сандарды салыстыру. Алыс– жақын. Мақсаты: 1, 2, 3, 4 цифрларын түсініп, айыра алады. сандарды салыстыру, «кеңістік» ұғымын (алыс, жақын); түсініп өз ойымен айта алады. Жаратылыстану Тақырыбы: Жабайы жануарлар Мақсаты: Жабайы андар туралы біледі. Олардың түрлерін бір-бірінен ажыратуға, дене мүшелерін дұрыс айта алады.	Музыка-1 Педагог жоспары бойынша Сурет салу Тақырыбы: Пирамида Мақсаты: Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, пирамиданың суретін сала алады. Мүсіндеу Тақырыбы: «Бәйтерек» Мақсаты: «Бәйтерек» туралы түсінеді. « Бәйтеректің» бейнесін түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып мүсіндей алады.	Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Астана-бас қалам Мақсаты: Астана туралы түсінеді. Өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауға үйренеді.
IV апта «Туған өлкем»	Дене шынықтыру-3 1. Мақсаты:Теле-теңдікті сақтау және қол – аяқ бұлшық еттерін нығайту, жаңа қимыл түрлерін жасау арқылы иық, қол –аяқ бұлшық еттерін дамиды. Жаттығу жасау	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біз тұратын ауыл» (сурет бойынша әңгіме құрау) Мақсаты: Мнемотехника әдісі арқылы ауылдың көрікті орындарын ретімен сипаттап, әңгіме құрастыра біледі.	Математика негіздері Тақырыбы: Кеңістікті бағдарлау.Жоғарыда – төменде, сол жағында – оң жағында. Шаршы Мақсаты: Кеңістіктік қатынастар (сол жағында, оң жағында, үстінде, алдында, ортасында) туралы ұғымдарды	Сурет салу Тақырыбы:«Достық үйі» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді салуға, ою-өрнекпен әшекейлеуге үйрету.Саусақ моторикасын дамыту.	

	кезінде, денені дұрыс ұстап, көзбен бағдарлай біледі. 2. Мақсаты: Еденде жатқан заттан секіру Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіріп бару Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру. Жолмен жалаушаға дейін еңбектеу. 3. Мақсаты: Телетендікті сақтау және қол – аяқ бұлшық еттерін нығайту, жаңа қимыл түрлерін жасау арқылы иық, қол –аяқ бұлшық еттерін дамытуды біледі	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Туған өлке» Ө.Тұрманжановтың Мақсаты: Өлеңді зейін қойып тыңдауды біледі. Туған жерлерін сүюді, құрметтеуді үйренеді. Орыс тілі Педагог жоспары бойынша	біледі. Жаратылыстану Тақырыбы Мен табиғатты бақылай аламын ба? Мақсаты: «Бақылау» ұғымын түсіне отырып, жанды табиғат,оның тіршілік ортасы және жансыз табиғаттағы қайталанбас құбылыс түрлерін біледі. Құрастыру Тақырыбы:«Бәйтерек» монументі . Мақсаты: Бәйтерек ғимаратын қатты қағаздарды дұрыс қолдана отырып құрастыруды біледі.	Жапсыру Тақырыбы: «Қысқы орман» (Сюжеттік) Мақсаты: Бейнелерді жырту тәсілімен жапсырады, Жыл мезгілдері туралы түсінгендерін айта алады. Музыка-1,5 Педагог жоспары бойынша	
--	--	--	---	---	--

2022 жыл, Қантар айы

Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»

Мақсаты: Балалардың қимыл әрекетін ұйымдастыра отырып, ересектермен, балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Табиғатта өзін ұстай білу Ережелері мен тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасын дамыту. Эстетикалық талғамдарын жетілдіру.

Міндеттері:

1. Дене жаттығулары мен сауықтыру шараларына деген қызығушылықтарын күшейту, қимылдық дағдыларын жетілдіру;
2. Шағын әңгімелер құрастыру, ойында әдеби бейнелерді қолдану білім, біліктерін дамыту;
3. Қарапайым зерттеуге қызығушылықтарын туғызу, сенсорлық қабілеттерін жетілдіру, бекіту;
4. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауларын дамыту;
5. Жеке тұлғаны дамыту, әлеуметтік дағдыларын жетілдіру.

I апта	Дене шынықтыру-3	Сөйлеуді дамыту	Математика негіздері	Сурет салу	Қоршаған ортамен таныстыру
"Айналамызды-ғы өсімдіктер"	1.Мақсаты. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауды, ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсінеді. 2.Мақсаты. Сапта жүру; аяқ ұшымен ирелеңдеп жүруге, жылдам жүгіруді біледі. Қос аяқтап секіру біліктерін жетілдіруді, қимыл үйлесімділігін дамытуды түсінеді. 3. Мақсаты: Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүруді біледі.	Тақырыбы: «Бөлме гүлдері» Мақсаты: Балалар гүлдер туралы түсініктерді біледі.. Олардың түрлерін ажырата алады. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шырша» өлеңі Е.Өтетілеуұлы Мақсаты: Шырша туралы түсініп өз ойын айта алады. Балалар өлең жолдарын жатқа эмоционалды, мәнерлі айта біледі.	Тақырыбы: 5 цифрмен танысады; заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен баяндай (сол жақта, оң жақта, алдында, артында) алады. Жаратылыстану Тақырыбы: Бөлме өсімдіктері Мақсаты: Бөлме өсімдіктер туралы түсіне отырып, гүлдердің түрін біледі. Оларды баптап, күту ережелерін түсінеді.	Тақырыбы: «Шырша жанғақтары» Мақсаты: Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеуді үйренеді. Оларды орналастыру, пропорцияны сақтай отырып, бөліктерді біріктіру тәсілдерін меңгереді. Музыка-1 Педагог жоспары бойынша	Мақсаты: Табиғатқа құстарға деген қызығушылықтары артып, қыс кызығы туралы әңгімелеп айта алады.

II апта «Жануарлар әлемі»	Дене шынықтыру-3 1.Мақсаты. Жінішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді, аяқ ұшымен ирелендеп жүру, қос аяқтап секіру дағдыларын енгереді. 2.Мақсаты. Залдың бір шетінен ойыншыққа дейін қосаяқтап, алға жылжып секіріп баруды біледі. Ойын ережесін сақтап ойнауға үйренеді. Мақсаты. Допты бір-біріне домалатуды, сапта колдарын жоғары көтеріп шапалақтап жүруді біледі. Салауатты өмір дағдыларын қалыптастыруға үйренеді..	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Үй жануарлары мен төлдері» Мақсаты: Балалар үй жануарлары туралы түсініп, олардың төлдерін атай білуге үйренеді. Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамиды Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі Мақсаты: Балалар ертегі мазмұнын түсініп, өз ойларымен айта алады Орыс тілі. Педагог жоспары бойынша	Математика негіздері Тақырыбы: 5 саны мен цифры. Не неге ұқсайды? Кеңістікте бағдарлау. Мақсаты: 5 цифры туралы алған білімдерін қортындылайды, түрлі арақашықтықта орналасқан заттарды теңестіруді үйреніп; тапсырманы тиянақты орындауды біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: Үй жануарлары Мақсаты: Үй жануарларымен таныса отырып, олардың тіршілік әрекеті туралы өз ойларын айта алады. Жануарлардың тіршілігі адамның қамқорлығына, күтіміне зәру екендігі туралы біледі. Құрастыру Тақырыбы: «Жануарларларға қора жасаймыз» Мақсаты: Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білуге үйрету. Шығармашылық қиялдау дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Қоян» Мақсаты: Жануарлар туралы түсіне отырып, олардың ерекшеліктерін ескеріп, сурет салуды біледі.. Жапсыру Тақырыбы: «Қошақан» Мақсаты: Үй жануары қошақан бейнесін жырту тәсілі арқылы жапсыруды біледі. қайшымен жұмыс жасай алады. Музыка-1,5 Педагог жоспары бойынша
---	---	---	--	---

III апта «Құстар-біздің досымыз»	Дене шынықтыру-3 1. Мақсаты. Допты бір-біріне домалатуды қайталай отырып, (1,5-2 м) Қол-аяқ қимыл-қозғалыс икемділігі мен үйлесімділігі дамиды.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Құстар тіршілігі туралы түсініктері дамиды. Оларға қамқорлық жасау туралы түсінеді.	Математика негіздері Тақырыбы: Оң жақта, сол жақта, ортасында. Мақсаты: кеңістікті бағдарлай алады. Қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттып; зейіндері дамиды	Сурет салу Тақырыбы: «Тотықұс» Мақсаты: Құстың үлгісі бойынша пішінін, түсін ескере отырып бейнелеу ді біледі. Эстетикалық тәрбие туралы түсінеді.	Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Құстың ұясы» Мақсаты: Құстар және олардың түрлерімен таныса отырып, өз ойларын айта алады. Құстарды аялай білуде ересектердің еңбегі туралы. Түсінеді.
